



“Бекітемін”  
Мектеп директорының м.а.:  
Ж.М.Шопанова

2024 жыл

“Келісілді”

Тәрбие  
менгерушісі:

Қаппар Ж.Ж.

“2” 09 2024 жыл

“Қаралды:”

ісінің ӘБ отырысында

Хаттама №

Шопанова Ш.М.

“2” 09 2024 жыл

**“Қозғалмалы ойындар” үйірмесі бойынша  
жылдық жұмыс жоспары**

**Мұғалімі: Бейлов А.О.**

## Түсінік хат

Бастауыш сыныптарда дене тәрбиесі сабағының мазмұны негізінен қозғалмалы ойындардан тұрады. Қозғалмалы ойындарды өткізу күрделі педагогикалық процесс екенін ескере отырып, олардың өту барысын мынадай үш кезеңге бөлуге болады:

- 1) ойынды өткізер алдындағы даярлық жұмысы,
- 2) ойынның басталуы мен ойналу барысы,
- 3) ойынның аяқталуы.

Қозғалмалы ойындар 3 және 4 сыныптар үшін аптасына – 1 рет, жылына 34 сағат, 3 сынып үшін аптасына – 1 рет, жылына 34 сағат

### ***1. Ойынды өткізер алдындағы даярлық жұмысы.***

Қандай да болмасын дене тәрбиесі сабағын өткізу үшін сабақтың мақсатына қарай оның жоспары жасалып, ойындар іріктеліп алынады. Бұл іріктеліп алынған ойындардың қандайы болмасын балаларды сабаққа ынталандыру қажеттігін ұмытпаған жөн. Ойынды өткізу алдында оған керекті жабдықтардың бар-жоғын, жеткіліктігін, сабақ өткізілетін орынның дайындығын білу керек.

### ***2. Ойынның басталуы мен ойналу барысы.***

Ойынды қалай өткізу жолын таңдайды. Ойынды бастау алдында уақытты көп кетірмес үшін оның ойналу тәртібін яғни ережесін ауызша баяндаудан гөрі балаларды дереу ойынды бастар қалыпқа тұрғызып, өзі көрсетіп, ойнатқаны тиімді. Сонда ол балаларға

ұғынықты болып, ойнаған кезде ойын ережесі бұзылмайды. Жалпы, ойынның ойналу барысы оқшылардың дайындығына, ынта-жігеріне байланысты.

***3. Ойынның аяқталуы.*** Ойын сабақтың негізгі бөлімінен кейін өткені оқушылардың шаршау-шаршамауына байланысты қайталаанады. Сабақта бірнеше ойын ойналатын болғандықтан, бір ойынды ең көп дегенде 2-3 рет қайталаған жөн. Әр ойын ойналып, оның қорытындысы шығарылып болғаннан кейін ғана келесі ойынды ойнау басталады.

Мысал ретінде «Бір орында тұрып екі аяқпен ұзындыққа секіру» дейтін тақырыпты

4-сыныпқа қалай өткізу қажеттігін қарастырайық. Ол үшін сабақ жоспарын жасағанда ең әуелі жалпы дамыту жаттығуларын іріктеп, жүйелеп алып, сабақтың мақсатына қарай міндетті түрде дайындық жаттығулары орындалады. Сабақтың мақсаты бір орында тұрып екі аяқпен ұзындыққа секіру болғандықтан, 10-12м жерге дейін бір орында тұрып бір аяқпен секіру, екі оқушы екі жағынан ұстап тұрған жіптің үстінен секіру т.б. даярлық жаттығулары өткізілген соң, тікелей сабақтың мақсатын орындау жұмыстары басталады.

## Ұлттық қимыл-қозғалыс ойындары

Қимыл-қозғалыс ойындары ұлттық ойындардың негізінде пайда болып қалыптасқан. Олардың спорттық ойындар сияқты ережесі болады. Бірақ қимыл қозғалыс ойындарының ережесі спорттық ойындарға қарағанда қарапайым әрі жеңіл болады. Және спорт құрал-жабдықтарын көп қажет етпейді.

Төменде әрқандай ұлтардың қимыл-қозғалыс ойындарының үлгілері берілді.

**3 сынып. «Қозғалмалы ойындар» күнтізбелік – тақырыптық жоспар**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>
1	«Орындарыңа тез барындар» ойыны	1
2	«Космонавтар» ойыны	1
3	«Шатаспа» ойыны	1
4	«Жапалақ» ойыны	1
5	«Кім келді» ойыны	1
6	«Доп жерде» ойыны	1
7	«Мысық келе жатыр» ойыны	1
8	«Мұрын-құлақ-мұрын» ойыны	1
9	«Аққу-қаздар» ойыны	1
10	«Екі аяз» ойыны	1
11	«Командамен жүгіру» ойыны	1
12	«Жолдасыңды қорға» ойыны	1
13	«Қаладан – қалаға» ойыны	1
14	«Қозғалмалы нысана» ойыны	1
15	«Дөңгелек» ойыны	1
16	«Қарсыласпен кездесу» ойыны	1
17	«Доппен қарсы эстафета» ойыны	1
18	«Дөңгелектен итеріп шығару» ойыны	1
19	«Кім күшті» ойыны	1
20	«Атысу» ойыны	1
21	«Жүргізушіге допты бермеу» ойыны	1
22	«Кедергілерден өту эстафетасы» ойыны	1
23	«Тіреп секіру және тепе-теңдік сақтауы	1

	бар эстафета» ойыны	
24	«Допқа тигізу» ойыны	1
25	«Дөңгелектегі эстафета» ойыны	1
26	«Ұстапайтын жіп» ойыны	1
27	«Секіруден кейін секіру» ойыны	1
28	«Қарама-қарсы» эстафетасы	1
29	«Қарға мен қаршығалар» ойыны	1
30	«Үштен-екеу» ойыны	1
31	«Жалау үшін күрес» ойыны	1
32	«Айдаһардың құйрығы» ойыны	1
33	«Булаваға тарт» ойыны	1
34	«Дөңгелекке тарт» ойыны	1

**4 сынып. «Қозғалмалы ойындар» күнтізбелік – тақырыптық жоспар**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>
1	«Өз орыныңды тап» ойыны	1
2	«Қаршыға мен үйректер» ойыны	1
3	«Көтеріп кет» ойыны	1
4	«Ботақан» ойыны	1
5	«Қарақұс пен балапандар» ойыны	1
6	«Алтын дән» ойыны	1
7	«Қуғыншыдан құтқар» ойыны	1
8	«Мысық пен тышқандар» ойыны	1
9	«Жүгіріп өт» ойыны	1
10	«Допты Жолбарыс ұстайды» ойыны	1
11	«Айгөлек» ойыны	1
12	«Қамалды қорғау» ойыны	1
13	«Қандық – сандық» ойыны	1
14	«Аңшылар мен қояндар» ойыны	1
15	«Күзетшілер» ойыны	1
16	«Қазан доп» ойыны	1
17	«Жаяу тартыс» ойыны	1
18	«Жаяу көкпар» ойыны	1
19	«Үкі мен қасқыр» ойыны	1
20	«Қойлар мен қасқыр» ойыны	1
21	«Алакүшік» ойыны	1
22	«Қуаласпақ» ойыны	1
23	«Түйілген орамал» ойыны	1

24	«Дәл басу» ойыны	1
25	«Қуып жет» ойыны	1
26	«Асау мәстек» ойыны	1
27	«Доп жарыстыру» ойыны	1
28	«Екі аяз» ойыны	1
29	«Бұғнай» ойыны	1
30	«Шақыру» ойыны	1
31	«Дауыста, атыңды айтам» ойыны	1
32	«Қызыл табан» ойыны	1
33	«Көңілді маймылдар» ойыны	1
34	«Айна» ойыны	1